

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ө. Бүркітбаев атындағы өнеркәсіптік инженерия институты
Көлік техникасы кафедрасы

Нурмухан А.Д.

Қызыл аумақтағы қарларды жинауға арналған ауыспалы ілбелі бульдозерлі
жабдықты жасау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071300 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті
Ә. Бүркітбаев атындағы өнеркәсіптік инженерия институты
Көлік техникасы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,
техн. ғылым. д-ры, профессор

 С.А. Машеков


« 20 » 05 2019 ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Қыйын аумақтағы қарларды жинауға арналған ауыспалы
ілінбелі бульдозерлі жабдықты жасау»


5B071300 -«Көлік, көлік техникасы және технологиялары» мамандығы
бойынша

Орындаған




Нурмухан А.Д.

Пікір беруші
техн. ғыл. канд., доцент

 М.А. Жуманов
« 14 » 05 2019 ж

Ғылыми жетекші
техн. ғыл. док-ы., профессор

 К.К. Шалбаев
« 20 » май 2019ж

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

5B071300 - «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,
техн. ғылым. д-ры, профессор

 С.А. Машеков

« 25 » 11 2018 ж

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Нурмухан Аслан Даулетжанұлы

Тақырыбы Қызыл аумақтағы қарларды жинауға арналған ауыспалы ілбе-
лі бульдозерлі жабдықты жасау

Университет басшысының «06» 11 2018 ж. №1252-б бұйырығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «16» мамыр 2019 жыл

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Қолданыстағы бульдозерлі
жабдықтың конструкциясы, ғылыми-техникалық оқулықтар және патентті
ақпараттар

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Жалпы бөлімі

б) Арнайы бөлімі

в)

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)




1. Патенттік зерттеудің анализі – 1 бет; 2. Бульдозердің жалпы көрінісі –
1 бет; 3. Жапқышымен қайырма күрек – 1 бет; 4. Құрама сызбалар – 1 бет;
5. Детальдар – 1 бет; 6. Технологиялық карта – 1 бет

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 18 атау


Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жалпы бөлімі		
Арнайы бөлімі	27.03.18ж	
	28.04.18ж	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының
аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Жалпы бөлімі	К.К. Шалбаев, техника ғылымдары докторы, профессор	27.03.18ж	
Арнайы бөлімі	К.К. Шалбаев, техника ғылымдары докторы, профессор	28.04.18ж	
Норма бақылау	Р.А. Козбагаров, техника ғылымдары кандидаты, доцент	08.05.18ж	

Ғылыми жетекші



К.К. Шалбаев

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



А.Д. Нурмухан

Күні

«23.»

11

2018 ж.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа на тему: «Разработка сменного навесного оборудования бульдозера для уборки снега в труднодоступных местах», представляется для итоговой аттестации автора и присвоения академической степени бакалавра.

В данной дипломной работе разработано сменное навесное оборудование бульдозера для уборки снега в труднодоступных местах, а также приведены проектно-конструкторские расчеты. В разделе технологической части приведены расчеты обработки пальца и в эффективность применения бульдозерного оборудования с заслонкой.

Пояснительная записка изложена на 48 страницах, графическая часть содержит 6 листов формата А1.

АНДАТПА

«Қыйын аумақтағы қарларды жинауға арналған ауыспалы ілнбелі бульдозерлі жабдықты жасау» тақырыбына дипломдық жұмысты автордың қорытынды аттестациясына және бакалавр академиялық дәрежесін алуға ұсынылады.

Берілген дипломдық жұмыста қыйын аумақтағы қарларды жинауға арналған ауыспалы бульдозерлі жабдығы ұсынылған және сол жабдықтың жобалы-конструкторлық есептері есептелген. Бұл дипломыдық жұмыста сонымен қатар технологиялық бөлімде бармақты өңдеу технологиясы және бөлімде жаңғыртылған бульдозерлі жабдықтың тиімділігі келтірілген.

Түсіндірме жазбасы 48 беттен тұрады, графикалық бөлімінде А1 форматындағы 6 парақ бар.

ABSTRACT

Thesis on the theme: "Development of removable attachments bulldozer for snow removal in remote places", is presented for the final certification of the author and the assignment of the academic degree of bachelor.

In this thesis developed a removable attachments bulldozer for snow removal in remote places, as well as design calculations. In the section of the technological part shows the calculation processing of the finger and the efficiency of application of the dozer equipment with the blade.

The explanatory note is presented on 48 pages, the graphic part contains 6 sheets of A1 format.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе.....	9
1	Жалпы бөлімі.....	11
1.1	Қарларды жинауға арналған ауыспалы ілінбелі бульдозерлі жабдықтар	11
1.2	Жұмыс тақырыбы бойынша патенттік іздеу жүргізу және ғылыми-техникалық әдебиетті анализдеу	15
1.3	Бульдозердің базалық нұсқасын таңдау.....	21
2	Жобалық-конструкторлық бөлімі.....	23
2.1	Бульдозердің негізгі параметрлерін есептеу	23
2.1.1	Номиналды тартылыс күші, эксплуатациялық салмақ, бульдозердің негізгі жұмыс жылдамдықтары және габариттік көлемдері.....	23
2.1.2	Үлесік арынды күш және қайырма күректің пышағына түстеін тік қысым.....	27
2.2	Қайырма күректің параметрлерін есептеу	28
2.2.1	Қайырма күректің биіктігі мен ұзындығы.....	28
2.2.2	Қайырма күректің беткей профилінің параметрлері.....	30
2.3	Бульдозердің тұрақтылығын есептеу	32
2.3.1	Бульдозерлік жабдықтың тұрақтылығын және бульдозердің беріктігін есептеу.....	34
3	Детальды өңдеу технологиясы.....	39
3.1	Бармақты кесу режимдері мен өңдеу есептері	39
3.2	Кесу режимдерін есептеу технологиялары	40
3.2.1	Токарлық өңдеу.....	40
3.2.1.1	Алғашқы жону.....	40
3.2.1.2	Тазалай өңдеу.....	42
3.2.2	Кескіш беткейлерін өңдеу.....	43
3.3	Жұмыс уақытын техникалық нормалау	44
3.3.1	Токарлық өңдеу.....	44
3.3.2	Ажарлы өңдеу.....	45
	Қорытынды	47
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	48

КІРІСПЕ

Әртүрлі құрылыс жұмыстарын механикаландыруға арналған жол-құрылыс машиналары.

Соңғы онжылдықтарда құрылыс және жол машиналарының паркі айтарлықтай ұлғайды; шығарылатын экскаваторлар, бульдозерлер мен басқа машиналар және жабдықтардың саны бойынша отандық өндіріс көптеген жоғары деңгейде дамыған мемлекеттерден озып шықты [1,2,3].

Арналуына байланысты құрылыс машиналарын келесі топтарға бөледі: көлік, тасымалдаушы және жүк тиеу-түсіру; жүк көтергіш, жер жұмыстарына арналған; тіреу жұмыстарына арналған; әрлеу жұмыстарына арналған; бетон және темір бетонды жұмыстарға арналған; қол машиналары. Әр топша жеке типтегі машиналарды біріктіреді. Пышақ тәрізді жұмыс мүшесі бар, өзінің ілгерілемелі қозғалысы кезінде, сілемнен қабатпен бөлінуді және төсеу жеріне топарықты тасымалдауды бір уақытта орындайтын машиналарды жер қазушы-көліктік деп атайды. Машиналардың бұл тобына бульдозерлер, скреперлер, автогрейдерлер, грейдерлер жатады. Машиналардың алғашқы екі типі, әсіресе бульдозерлер өнеркәсіптік және азаматтық құрылыстарда кеңінен қолданылады.

Жер қазушы-көліктік машинаның әр моделі индекске ие, оған әріптер мен сандық белгілеулер кіреді. Индекстік алғашқы екі әріпі ДЗ машиналардың тобын көрсетеді, одан кейін жүретін сандар – модельдің тіркелуінің реттік нөмірін, индекстің сан бөлігінен кейінгі әріптер – реттік жаңарту (А, Б, В...) және машинаның климаттық орындалуын (солтүстік С немесе ХЛ) білдіреді. Жаңартылған өздігінен жүретін скреперлердің индексіне жоғарыда көрсетілгендерден бөлек, М және П әріптері қосылуы мүмкін. Автоматтандырылған басқару жүйесі бар бульдозерлер мен скреперлердің индексінде, бұл жүйенің бар екендігі 1 санымен белгіленеді, ол индекстің негізгі сандарынан кейін сызықша қойылып көрсетіледі, ал жаңартылған машиналарда жаңартылуды білдіретін әріптерден кейін орналасады [4,5].

Арналуына байланысты құрылыс машиналарын келесі то.

Бульдозерлер, тракторлардағы, тартқыштардағы және басқа да негізгі машиналардағы аспалы жабдық ретінде өте кең таралуға ие болды, ол олардың құрылысының қарапайымдылығымен, жоғары деңгейдегі өнімділігімен, әртүрлі топырақ және климаттық жағдайлардағы әмбебап түрде қолданудың мүмкіндігімен және жұмысты орындаудың біршама төмен бағасымен түсіндіріледі.

Т-130 бульдозердің жобасына қиын жерлердегі қарды алып - тазарту жұмыстарына қолданыу, өзекті мәселеге айналған.

Дипломдық жобаның мақсаты Т-130 трактор базасындағы қар тазартқыштарды монтаждау, сондықтан ЗИЛ-131 автокөлігінің жүруі қиын жерлердегі қарды тазарту орындалады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығына келетін болсақ бірнеше нәтижелер алынған:

- қар тазартқыштардың даму сипаты мен бағыттары анықталды;
- қар тазартқыш құрылымының тиімділігі мен жұмыс қаблетін нақтылайтын есептемелер жасалды.

Соңғы уақытта машина жасау саласындағы құрылыс және жол көліктері жаңа және сериялық көліктер түрінде шығарыла бастаған. Бірлік күші артып, көлікті механикалық басқару гидравликалық, сенімділігі мен қызмет ету мерзімі жоғары энергиялық үнемді көрсеткіштермен алмасқан.

Автоматтандыру мен механикаландыру жабдықтарымен игеруге жарамсыз, ескі көліктерді жаңарту барлық жол ұйымдарында қамтылған. Осындай техниканы тізімнен шығару экономикалық тұрғыдан әртүрлі. Жөндеудегі қалыптандыру мен модернизациялау игеруге жаңа мүмкіндіктер береді.

Жол ұйымдарында бар жаңа және ескі техниканы тиімді пайдалану халық шаруашылығында жоғары мәнге ие. Жол көліктерін тиімді пайдалану мен игеру қызметкердің техникалық дайындығы мен біліктілігіне байланысты [6].

Жол көліктерін тиімді пайдалануда бірінші кезекте жоғары экономикалық көрсеткіштермен жоғары сапалы жұмыстар қамтамасыз етілген. Жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін техникалық шаралар ұйымдастырылып, нақты жұмысты орындайтын көлік алынып, көліктің жұмысы рационалды қолданылады, сонымен қатар жанама қондырғылар, бейімдегіштер, жоғары шебер жүргізушілер қолданылады.

Жұмыстың практикалық маңыздылығын қардан тазалау құрылымдары құрайды, бұл нақты есептеулермен тиімділігін, жұмыс қаблетін нақтылаған.

Дипломдық жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздері әдебиет көзі мен Internet сайттарына шоғырланған, яғни зерттелген Т-130 бульдозер мен қарды қиын жерлерден алып тазартуға қолданылатын жабдықтар туралы мәліметтер аламыз.

1 Жалпы бөлімі

1.1 Қарларды жинауға арналған ауыспалы ілінбелі бульдозерлі жабдықтар

Роторлы қар тазартқыштар жаңадан жауған қарды және жатып қалған қарды жинау кезінде, көлік құралдарымен қарды үйіндеу кезінде қолданылады, сонымен қатар соқалы - шеткалы қар тазартқыштар да бірге қолданылады. Осы кезде роторлы қар тазартқыштар қар қабатын кескіш бөліктермен алып, лақтырғыштарға салып, шеткі аумаққа тастайды немесе келте құбырлармен көлік құралына салады. Сәйкесінше соқалы қар тазартқыштарға қарағанда алдыңғы бөлікпен тастайтын қар тазартқыштар айналмалы жұмыс бөлігі ретінде қолданылады. Бұл көліктердің құрылымдары мен типтері әртүрлі болып келеді (сурет 1.1).



1.1 Сурет - Роторлы қар тазартқыш жіктеме


Роторлы қар тазартқыштар жеке және басқа да жұмыс бөліктермен бөлінген. Жеке бөлінген қуаттандырғыштардан құралған; демек қарды өңдейтін құрал, лақтырғыштан, қарды бір жаққа лақтырғыштан құралған. Аралас жұмыс бөлігі ретінде кескіш ротор немесе фрез қабылданып, бір мезгілде қарды өңдеп, қарды массивтен ажыратып, келтеқұбырмен бірге бағыттап лақтырады. Кеңінен таралғаны фрезерлі барабан, демек сыртқы кескіш таспалы қалақшалы қалташалармен берілген. Фрез айналған кезде келімді-қайтымды көлік қозғалыстары фрезерлі барабанның орталығына бағытталаып, екі жағына орналасқан, осыдан кейін қалташаға түсіп, лақтырғыш келтеқұбырмен өтіп, сыртқа шығарылады [7].

Аралас жұмыс бөліктерімен берілген роторлы қар тазартқыштар (бөлінгендермен бірге) – жинақы және аз салмақты; дегенмен бұлардың өнімділігі аз, сондықтан алысқа қарды лақтырып отырады.

Қар тазартқыштардағы жұмыс бөліктерінің түрі бойынша соқалы-роторлы, шнекті-роторлы, фрезді-роторлы болып бөлінген. Соқалы-роторлы қар тазартқыштардың жұмыс жабдықтары соқадан құралған, демек маңдайшалар арқылы қарды роторға бағыттап, шетке аумаққа лақтырып отырады. Осындай қар тазартқыштар жол жабындарын құрғақ борпылдақ

қардан тазарту үшін аса тиімді.

Иірмекті-роторлы қар тазартқыштардың жұмыс жабдықтары иірмекті бергіштерден құралып, көлік осіне перпендикуляр орналасқан (әдетте бір жолды); иірмекті бергіштерде бір, екі, үш иірмек болады, әрқайсысы таспалы бұрандалы қалақшаларға орнатылған құбыр түрінде берілген (орауыштарының оң және сол бағыттарымен). Иірмекті-роторлы қар тазартқыштармен жұмыс кезінде қар ротор ортасының шетіне беріліп, шеткі аумаққа тасталады. Бұл көліктер жол жабындарын қардан тазартқан кезде қолданылады. Соңында фрезерлі-роторлы қар тазартқыштар фрезді бергіштен, роторлы қар тазартқыштан құралып, ротордың артқы бөлігіне орналасады. Бергіштер әдетте барабансыз фрезді болып табылады, таспалы жүздері арқылы қар алынып, ротордың орталық бөлігіне салынып, роторға тасымалданады. Фрезерлі-роторлы қар тазартқыштар жол жабындарын тығыз және қатып қалған қардан тазарту үшін қолданылады [8].



1.2 Сурет - Роторлы қар тазартқыштағы жұмыс бөліктерінің типтері

Базалық роторлы қар тазартқыштар автокөлік, дөңгелекті, шынжыр табанды, арнайы шасси болып табылады.

Қар тазартқыштардың жұмыс бөлігіндегі бір моторлы сызбалар қозғалтқышта, ұстағыштарда, екі моторлы-қосымша қозғалтқыштардың жетектерінде болады. өнімділігі бойынша роторлы қар тазартқыштар жеңіл (200 т/сағ дейін), орташа (1000 т/сағ дейін) және ауыр (шамамен 1000 т/сағ).

Қала көшелерін және аумақтарды қардан тазартуда жеңіл және иірмекті роторлы (кесте 1.1), сонымен қатар фрезерлі-роторлы қар тазартқыштар кеңінен таралған [9].

ДЭ-210 (Д-707) иірмекті-роторлы қар тазартқышаэродором жолдарын, ккшені, аумақтарды, алаңдарды қардан тазартып тасымалдау үшін қолданылады. Қар тазартқыштардың жұмыс жабдықтары бір моторлы

сызбамен дайындалған, екі иірмектен құралған ЗИЛ-131 автокөлік шассиіне орнатылған, демек бірінің үстіне бірі орналасып, ротордан кейін келеді. Сонымен қатар арнайы жабдықтың құрамына: жұмыс бөлігінің аспасы, карданды беріліс, жүрісті кеміткіш (таратушы редуктор), гидрожүйе мен басқару жүйе.

Осы көліктердің автокөлік қозғалтқышы шешіп алынған, жетекші дөңгелек пен жұмыс бөліктерінің жетектері таратушы редуктор мен карданды білікпен, У2Д6-250ТК дизельді қозғалтқыш білігімен орындалады.

1.1 Кесте - Иірмекті-роторлы қар тазартқыштардың техникалық сипаты

Көрсеткіштер	ДЭ-204 (Д-470)	ДЭ-210 (Д-707)	ДЭ-211 (Д-902)
Базалық шасси	ЗИЛ-157КЕ	ЗИЛ-131	Урал-375Е
Қозғалтқыш саны	1	1	2
Жұмыс бөлігінің жетегі үшін қозғалтқыш күші, кВт (ат күші)	110(150)	184(250)	308(420)
Қармау ені, м	2,5	2,55	2,8
Жиналатын қар биіктігі, м	1,2	1,3	1,5
Лақтыру қашықтығы, м	24	24	31
Ротор:			
диаметр, мм	975	978	1200
Айналу жиілігі, 1/с	7,08	7,01	6,71
Иірмектер:			
саны	2	2	2
диаметр, мм	450	450	550
Айналу жиілігі, 1/с	5,3	5,9	5,03
жылдамдық, км/сағ:			
жұмыс	0,3...5	0,5...5,92	0,45...6
максималды көлікпен	40	41	42,5
Техникалық өнімділік, т/сағ	625	900	1375
Габариттер, мм:			
ұзындық	8000	8400	10000
ені	2570	2550	2810
биіктік	2530	2670	2920
Көлік салмағы, кг	8820	10800	15500

Екі сатылы таратқыш редуктор, алты білікті бергіштер арқылы айналым моменті қозғалтқыштан жүріс бөлігіндегі трансмиссияға, жұмыс бөліктеріне беріледі. Редуктор шасси жақтауының алдыңғы бөлігіне, алдыңғы арқалықтар астына орналасып, екі білікпен жабдықталған, бірінші білік айналу моментін редукторға карданды білік арқылы беріп, роторға,

иірмекке, екіншісі –таратқыш қорапқа беріп, алдыңғы және артқы арқалықтарға таратады. Редуктордан иірмекке берілген айналым моменті тізбекті берілістер арқылы беріліп тартылады. Құрылымдардың жетекші жұлдызшасы алдыңғы момент иуфтасымен байланысып, сақтандырғыш иірмектер калибрленген саусақшалармен кескіленген.

Қар тазартқыштардың гидрожетегі жұмыс бөліктерін көтеріп, түсіруге арналған, ротор қаптамалары бұрылып, шестернді сораптан, сүзгілі гидробактен, гидротаратқыштан, екі гидроцилиндрден құралған (жұмыс бөлігін көтеріптүсіру), жақтау қаптамасын бұратын гидроцилиндр, баяулатқыш клапан, гидросызық.

Орындаушы гидроцилиндрмен басқару жүргізушінің кабинасындағы гидротаратқыштармен орындалады.

ДЭ-210 қар тазартқыштардың жұмыс бөлігі лонжеронды шассилі көліктің алдыңғы бөліктеріне бекітіліп, жұмыс жағдайында шаңғымен жол жабындарының бетіндегі қарды тазартады. Көлік жағдайында жұмыс бөліктері тіректі қондырғылармен белгіленген.

ЗИЛ-131 автокөлік шассиіне қар тазартқыш жұмыс қондырғыларын орнату үшін құрылымдарын қайта орнату қажет, демек алдыңғы буферін ашып, буксирленген ілмекті шешіп, күшейткіш тақтайшаны, кронштейндерді қосып, шасси жақтауын созып, алдыңғы рессорларды күшейтеміз.

Иірмекті-роторлы ДЭ-204 (Д-470) қар тазартқыш қала көшелерін, алаңдарды, автокөлік жолдарын, рулежді аэродором жолдарын тазартуда қолданылады, сонымен қатар қар үйінділерін лақтыруда басқа да қар тазартқыштармен бірге қолданылады. Қар тазартқыш ЗИЛ-157КЕ автокөлік шассиіне орнатылған, бір моторлы сызба түрінде орындалған. Автокөлік қозғалтқышы қайта жасалған. Жетекші дөңгелектер мен жұмыс бөліктері У2Д6-С3 дизельді қозғалтқышпен іске қосылады, бұл бөлік арнайы жақтауда жүргізуші кабинасының артына орнатылған. Арнайы қар тазартқыш жабдықтар қозғалтқыштан, жұмыс бөліктерінен, карданды беріліс аспасынан, жүрісті баяулатқыштан, гидрожүйеден, басқару жүйесінен құралған. Көлік құралына қар тиеу үшін арнайы науа қолданылады.

Осы қар тазартқыштың жұмыс принципі ДЭ-210 қар тазартқыштарға ұқсас. Жұмыс бөліктері унифицирленген, ал жұмыс бөлігінің жетегі, жұмыс бөліктері ДЭ-210 қар тазартқыштарына ұқсас.

Көлік гидрожетегі жұмыс бөлігін көтеріп, түсіруді, сонымен қатар ротор қаптамасын бұруды қалыптастырады. ДЭ-210 қар тазартқыштарының айырмашылығына келетін болсақ, жекеленген гидроэлементтің құрылымында– гидроцилиндрлер, гидротаратқыштар, гидробактер болады.

Қар тазартқыштардың базалық шассиіне арнайы жабдықтар салынған, демек алдыңғы рессорлар күшейтіліп, пневможүйе, шасси жақтауы, кейбір элементтер қайта жөнделген.

ДЭ-211 (Д-902) иірмекті-роторлы қар тазартқыштарың қызметі мен қаратырылып отырған құрылымның қызметі ұқсас. Көліктің жұмыс бөліктері Урал-375Е автокөлік шассине орналасқан, демек жұмыс бөліктерінен, ападан, жұмыс бөлігінің қозғалтқышынан, карданды берілістен, механикалық жүрісті

баяулатқыштан, аралық редуктордан, гидрожүйеден, басқару механизмдерінен құралған. Қар тазартқыштар екі моторлы сызбамен орындалған, демек базалық шасси қозғалтқышымен жүзеге асырылған, ал жұмыс бөліктің жетегі 1Д12БС қосымша қозғалтқыш арқылы орындалып, арнайы мотор асты жақтауға жалғанған (аралық редуктор, карданы және тізбекті редуктор-иірмек жетегі).

Қар тазартқыштардың құрылымы жеке түйіндердің құрылымдарына ұқсас. Жүріс трансмиссияларына жүрісті баяулатқыш орналасып, таратқыш қорабы бар екі карданды білікпен қосылған.

Қар тазартқыштардың жұмыс бөлігі жұмыс бөліктерін көтеріп, түсіріп отырады, сонымен қатар ротор қаптамасын бұруда қолданылады.

Көлікті басқару жүргізуші кабинасымен орындалады, Р-848 радиостанциямен жабдықталған.

Елімізде қолданылатын «Унимог» (ФРГ) автокөлік базасындағы «Шмидт» фирмасының фрезерлі VF3-Z-L қар тазартқышы екі аспалы фрезерлі барабандармен жабдықталған, алдыға қарай айналып отырады. Барабандарға орнатылған фрезерлі қалақшалар қарды кесіп (жоңқа)жұмыс бөлігінің ортасына қарай бағыттайды. Фрез ортасына орналасқан қалташалар қарды қамтып, науаға лақтырып, гидравликалық реттегішпен орындалады. фрез жетегі автокөлік күшін алдыңғы білікке таратып, карданды білікпен, тізбекті берілспен күштерін таратып отырады. Артық жүктемеден қорғану үшін кескіш сомын қолданылады. Күшті тандап алу кезінде қарды 6...8 м және 12...14 м лақтырады. Фрез жұмысын басқару мен бақылау жүргізуші кабинасынан орындалады.

1.2 Жұмыс тақырыбы бойынша патенттік іздеу жүргізу және ғылыми-техникалық әдебиетті анализдеу

Авторлық куәлік 1137139.

Өнертабыс жер қазушы машиналар қатарына жатады және құрамында битумы бар немесе басқа да жабысқақ топырақтарды өңдеуде қолданылады.


Өнертабыстың мақсаты топырақты өңдеу өнімділігін жоғарылату болып табылады. Суретте бульдозерлік құрылғы көрсетілген.

Бульдозерлік құрылғы (1.3 сурет) қайырма күректен 1, жұқа металдан жасалып, күректің қабырға жақтауларымен берік байланысқан 1, беттерден 2 тұрады. Беттерде Г-тәріздес екиықты иіндердің 5 көмегімен күрек беттерімен шар түрінде байланысқан жапқышты 4 тазалауға арналған кескіштер 3 орналасады. Иіндерде кескішке 3 ұқсас, жұмыстық беткейден түсірген кезде оны тазалауға және жынысты жинау барысында оны кесуге арналған кескіштер 7 берік түрде бекітіледі.

Рычагтарды және сонымен бірге жапқыш 4 пен кескішті 7 беттердің кронштейндерінде 9 орналасқа және өзара иіндермен байланысқан 5 гидроцилиндрлердің көмегімен бұрады. Қайырма күрек иінге екі итеруші

арқалық пен тірек 12 арқылы бекітіледі. Тіректің бір ұшы ернеуге шар түрінде бекітілсе, екіншісі гидроцилиндрмен бірге 13 байланысу нүктесі арқылы айналу мүмкіндігіне ие болатындай етіп тартқышқа бекітіледі

Құрылғы төмендегідей жұмыс істейді: материал жинау кезінде гидроцилиндрлердің көмегімен жапқышты 4 оның ішкі беткейі қайырма күректің жұмыс беткейімен жалғасатындай қалыпта орналастырады. Осы кезде кескіш 7 күректің алдында орналасып мұнайбитумдалған топырақты кесіп отырады, ал кесу бұрышы ернеу алдынан артық болмау себебінен массивтен жаңқаны бөлуге қажетті күш азаяды. Осының салдарынан, кесілетін жаңқаның қалыңдығы үлкейіп, жынысты жинақтау жолы қысқарып, өнімділік артады. Жинау аяқталғаннан кейін жабын 4 жиналған материалды ұстап қалатындай етіп түсіріледі. Бұл оны күректің көтерілген жағдайында қозғалтуға, ал ол өз кезегінде тасымалдаудың рационалды қашықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Жабын түсірілген уақытта кескіш жаңқаны жинаған кездегі бағытына сәйкес келетін бағыт бойынша жабысқан материалды кесе отырып қайырма күректің беткейі бойымен жылжиды.



1.3 Сурет - 1137139 авторлық куәлігі

Авторлық куәлік 1216295. Өнертабыс жер қазушы машиналар қатарына жатқызылады және тұтқыр заттарды, мысалы ауыл шаруашылығындағы көнді тасымалдауда қолданыла алады.

Өнертабыс мақсаты – Жұмыс күшін оңтайлы жұмсау арқылы тұтқыр материалдың қайырма күрек бойымен жылжудағы үйкеліс күшін азайту.

1.4 суретте тұтқыр заттарды тасуға арналған жұмыс органы көрсетілген.

Жұмыс органы базалық машинаға итеруші арқалықтар арқылы бекітіледі және шүмегі 1, артқы қабырғасы 2 және беттік жабыннан 4 тұратын, ішінде өзін шүмектік 6 және жабық 9 қуысқа бөлетін, жұмсақ материалдан, мысалы резинкадан жасалған мембрана 5 орнатылған жабық камера 5 құрайтын күректі қамтиды.


Екі қуыс та қысымдағы ауа, су немесе басқа да компонент болуы мүмкін жұмыс ортасының (көрсетілмеген) қысым көзі бар редукционды клапандар 8 және 9 арқылы байланысады, шүмектер 1 беттік жабынның барлық жұмыс беткейінде орналасқан.

Құрылғы төмендегідей жұмыс істейді:

Қайырма күректің беттік жабынында материал жоқ жағдайда және

куыстарға 6 және 7 редукционды каналдар 8 және 9 арқылы қысымдағы ауа берілгенде бірінші куыстағы 6 қысым шүмек арқылы шығатындықтан екінші куыстағы қысым жоғары болады.

Куыстағы 7 қысым арқылы мембрана 4 беттік жабынның 3 ішкі беткейіне жанасады және төменгі қатардан басқа шүмектердің барлығын 1 жабады. Редукционды клапан 9, клапанға 8 қарағанда жоғары қысымға реттелген, сондықтан да, шүмектерді 1 мембрана 5 жауып қалғаннан кейін куыста 6, шүмектердің төменгі қатарын ашып, қайтадан жауып тұратындай мембрананың төмегі бөлігін қысатын қысым артады, яғни, мембрана 5 қысылған ауаның шығынын төмендетіп, теңселу жағдайына енеді. Тұтқыр материалдың жылжуы кезінде ол шүмектерді жабады және 6 және 7 куыстарындағы қысым теңеседі, мембрана қайта серпіліп қысымдағы ауа тұтқыр материалға беріледі, оның ернеумен үйкеліс күшін азайтады, соынмен қатар материал шүмектерді жаппаған аймақтарда мембрана материалдың шетік аймақтарында теңселу арқылы оларды жауып қалады.



1.4 Сурет - 1216295 авторлық куәлігі

Бұл жұмыс органын қолдану базалық машинаның тарту күшін азайтуға және жұмыс күшін оңтайлы жұмсау арқылы толық немесе жартылай толған күрекпен материалды тасымалдауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Авторлық куәлік 1571147. Өнертабыс жол-құрылыс машиналар қатарына жатқызылады және адгезиялық қасиеттері бар топырақты өңдеу кезінде қолданыла алады.


Өнертабыстың мақсаты қайырма күректі тазарту деңгейін жоғарылату болып табылады.

1.5 суретте бульдозердің жұмыс құрылғылары көрсетілген.

Жұмыс құрылғысы қабырғалық жақтауларда 5 және айналу біліктерінде 6-9 бірінің үстіне бірі орналасқан ернеулік қысқыштардан және қысқыштарды жылжытудың төменгі 10 және жоғары 11 гидроцилиндерінен және кескіштен 12 тұрады. Төменгі жылжыту гидроцилиндрінің 10 штогы кронштейн 13 арқылы төменгі қысқышқа 4 бекітілген, ал оның қорабы

кронштейн 14 арқылы ернеуге 15 орналастырылған. Жоғары жылжыту гидроцилиндрінің 11 штогы кронштейн арқылы 16 жоғары қысқышқа 1 бекітілген, ал 11 гидроцилиндр қорабы кронштейн 17 арқылы қайырма күрекке орналастырылған 15. Күрек 15 итеруші аркалықтар 18, тірек 19 және гидроцилиндр 20 арқылы базалық машинамен байланысқан.

Құрылғы төмендегідей жұмыс істейді. Қайырма күректік қысқыштар 1-4 гидроцилиндр 10 арқылы жартылай бір-бірін жауып тұрып, жұмыс беткейін құрайтындай қалыпқа келтіріледі.



1.5 Сурет - 1571147 авторлық куәлігі

Жекелеген қысқыштарды ернеудің қабырға жақтауларының білігінде орнату күректің беткейін толық тазартылуын қамтамасыз етеді, нәтижесінде бульдозердің нәтижелігі артады.

Авторлық куәлік 1661293. Өнертабыс жерқазушы тасымалдаушы техникалар қатарына жатады.


Өнертабыс мақсаты – бульдозердің күрегін тазалау сапасын арттыру.

1.6 суретте бульдозердің жұмыс органы көрсетілген.

Бульдозердің жұмыс органы беттік жабыны 2 бар күректі 1, сыртқы қисық жағы беттік жабынның беткейімен байланыстырылан үшбұрышты бөрене түрінде жасалған тазалаушы элементті қамтиды. Тазалаушы элементтің 3 бүйірлеріне роликтер 5 бекітілген біліктер 4 орналасқан. Жақтаулық тартыштар 6 шар түрінде біліктерге бекітілген. Траверстер 7 жақтаулық тартқыштарға берік орнатылған. Траверс орталығында 7 қорабы шар түрінде күш тірегіне орнатылған гидроцилиндр штогы 8 шар түрінде орналастырылған. Күтірегі 9 артқы жоғары жақ беткейге берік бекітілген.

Роликтер 5 күректің 1 қисықсыздықты бағыттауыштарында орналасады. Тазалаушы элемент 3 екі пышақ жиекке ие болып келеді.

Бульдозер төмендегідей жұмыс істейді.



1.6 Сурет - 1661293 авторлық куәлігі

Қайырма күрек 1 топыраққа түсіріледі. Базалық машинаның қозғалысын іске қосады және бульдозер жұмысын бастайды. Күрекке топырақ жабысқан уақытта 1 оны топырақтан тазртады. Тазалаушы элемент 3 бульдозердің жұмысы барысында қайырма күректің жоғары жағында орналасады. Күректі топырақтан тазартып болған соң, қорабы күш тірегіне 9 бекітілген гидроцилиндрді іске қосады. Гидроцилиндр 8 өзінің штогы арқылы траверске 7 әсер етеді, ал ол өз кезегінде жақтаулық тартықштарға ықпал жасайды. Жақтаулық тарқыштар итеруші күшті біліктерге 4 бағыттайды. Тазалаушы элемент роликтердің 5 көмегімен күрекке жабысқан топырақты тазалай отыра төмен қарай жылжиды. Төменгі қалыпқа жеткен кезде 9 гидроцилиндрді штоқтың кері қозғалысына қосады және тазалаушы элемент 3 қайтадан жоғары қалыпқа оралады.


Авторлық куәлік 1721185. Өнертабыс бульдозер типтегі жер қазушы машиналар қатарына жатады және жұмыс органдарына жабысудың жоғары деңгейімен ерекшеленетін, құрамында битум бар топырақтарды өндеу кезінде қолданылады.

Жақтаулық беттері, қозғалмалы цилиндрлік жабыны жабынды және қайырма күректің жұмыс беткейін тазалауға арналған кескішті және жабынның бұрылысын бақаратын гидроцилиндрлерді қамтитын бульдозердің жұмыс органы белгілі.

Бұл жұмыс органының кемшілігіне (1.7 сурет) қазуға деген үлкен кедергі жатқызылады, себебі, призмаға материалды жинақтау процесінде ол күрекке жабысады, салдарынан жаңқаның күректің беткей бойымен қозғалуына деген кедергіні және жабын қазу кезінде жоғары қалыпта тұрып шығындарға тосқауыл болмайтындықтан, материал жинау кезіндегі оның жақтаулық валиктерге толу көлемін арттырады.

Ұсынылған органға ең жақын ретінде тірек элементтеріне берік түрде бекітілген жақтаулық беттері бар жабынға шар түрінде байланысқан, жоғары бөліктің радиусы бойынша жасақталған жақтаулық беттері бар, көлденең жазықтықта қозғалмалы күректі және күректің ішкі және сыртқы

жақтауларынан құрастырылған қораптық конструкцияда орналасқан қайырманы бұрудың гидроцилиндрлерін қамтитын жұмыс органы танылады.



1.7 Сурет - 1721185 авторлық куәлігі

Бұл конструкция қайырма күректің жұқа етіп жасаған уақытта күректің алдындағы жаңқаның жылжу кедергісін төмендетеді, себебі, қайта кесілетін жаңқа осыған дейін жиналған материалдың үстімен, аунату призмасының тарапынан түсірілетін қысымсыз бір бағытта жылжиды.

Конструкцияның кемшілігі күректің және оның жақтауларының жабысқан материалдардан тазалағышының жоқтығы болып табылады.

Өнертабыстың мақсаты – жұмыс органдарын жабысқан материалдардан тазарту арқылы бульдозердің жұмыс өнімділігін арттыру.

1.7 суретте жынысты жинақтау кезіндегі жұмыс органының көлденең кесіндісі көрсетілген.

Бульдозердің жұмыс органы тірек 6 арқылы итеруші арқалықтарға 5 негізделетін жабынға берік түрде бекітілетін жақтаулық беттері 3 мен пышағы 2 бар жалпақ күректен 1 тұрады. Ернеу шар түрінде итеруші арқалықтарға 5 бекітіледі, арқалықта осыған қоса, екінші жағы екі қысқыш 8 түріндегі тазалаушы құрылғымен байланысқан тартқыштар 7 да орналасады. Қысқыштар 8 күректегі 1 тіліктер арқылы ернеудің сыртқы жағындағы штанга 10 арқылы өзара байланысады. Қысқыштарды 9 жылжыту механизмі роликтерді 11, тартқышты 8 және тартқыштарды 7 өзара байланыстырушы көлденең арқалықты қамтиды. Қайырма күректің 1 бұрушы гидроцилиндрлер 12, шар түрінде күректің 1 сыртқы беткейіне және итеруші арқалықтармен 5 берік байланысқан көлденең арқалыққа бекітіледі. Базалық тракторда жұмыс органды тереңдетуші гидроцилиндрлер орналасады.

Осы құрылғының нәтижелігі жұмыс циклінің уақытының азаюы, яғни, өнімділіктің артуының арқасында мүмкін болады.


Авторлық куәлік 1477851. Өнертабыс жер қаузышы машиналар қатарына жатқызылады және құрамында битумы бар және басқа да тұтқыр топырақтарды өңдеуде қолданылуы мүмкін.

Өнертабыстың мақсаты топырақты өңдеудің өнімділігін арттыру болып табылады.

1.8 суретте бульдозердің жұмыс органының кесіндісі көрсетілген.

Бульдозердің жұмыс органы кескіші 2 бар қайырма күректі 1, күректің сыртқы жағында орналасқан, құбырлардың көмегімен өзара байланысқан майлаушы ортаның көзі бар майлау жүйесін, коллекторы 4 бар, күректің төменгі бөлігінде орналасқан жалпақ түтік тәріздес құбыршаны 3 қамтиды.

Коллектор 4 қайырма күректің 1 беттік жабынында 6 орналасқан және күректің жұмыс беткейіне шығатын шығарушы ойықтарға 5 ие.



1.8 Сурет - 1477851 авторлық куәлігі

Ернеудің жұмысы кезінде оның майлануы да жүзеге асады. Бу шығарушыдан шыққан бу 4 құбыр арқылы түтікшеге келеді 3, ол өз кезегінде күректің беттік жабынын жылытады. Кейіннен, бу коллектор 4 және күректің шығарушы ойықтары 5 арқылы күректің жұмыс беткейі мен кесілетін топырақ арасына барып майлауды жүзеге асырады. Бұл құрамында битумы бар топырақтарды өндегенде аса қажетті, себебі, температура артқан жағдайда бұл материалдың үйкеліс коэффициенті азаяды.

1.3 Бульдозердің базалық нұсқасын таңдау

Патенттік және әдебиеттік деректер негізінде бульдозердің ең көп қолданыстағы конструкциясы таңдалды. Қабылданған бульдозеріміз қайырма күрегі бұрылмайтын әрбір кәсіпорында және құрылыстың қай саласы болмасын бәрінде өте кең қолданылатын моделі, базалы тракторы Т-100 .

Берілген бульдозердің жұмысшы жабдығына (қайырма күрекке) қосымша жапқыш және соның арқасында жапқышты ашып жапқанда күректің қысық беткейін автоматты түрде тазалап өтетін пышақ құрылымы қолданылады. Мұндай механизмнің ең перспективті конструкциясы 1137139 авторлық куәлікте ұсынылған.

Мұндай тазалаушы кескіштер бульдозердің қосымша аяладауына деген қажеттілікті жойып, сол арқылы оны жұмыс кезегі уақытында қолдануын

жақсартады, нәтижесінде машинаның жалпы өнімділігін жоғарылатады. Осының арқасында патенттік талдаудың нәтижесі бойынша жабыны бар бульдозерлік құрылғы бульдозердің қосымша аялдауларын азайтады, ал ол өз кезегінде оның жұмыс кезегі уақытында қолданылуын арттырады, нәтижесінде жалпы машинаның өнімділігі артады.

2 Жобалық-конструкторлық бөлімі

2.1 Бульдозердің негізгі параметрлерін есептеу

Шынжыр табанды бульдозердің негізгі параметрі – номиналды тартылыс күші, ол базалық трактордың тығыз топырақта, тұру кезіндегі оның жүк салмағы аспалы құрылғыларының салмағының 7 пайызын, ал жылдамдығы 2,5...3 км/сағатты құрайды деген есеппен алғандағы күші.

Бульдозердің негізгі қасиеттері: бульдозердің эксплуатациялық салмағы; негізгі жұмыс жылдамдықтары; орташа статистикалық үлестік қысымы және қысым орталығының ауытқуы; қазуға деген әртүрлі қарсылыққа ие топырақтың көптеген типтерімен бульдозердің жұмыс істеу мүмкіндігін көрсететін қайырманьң кескіш ернеуіндегі үлестік күш.

2.1.1 Номиналды тартылыс күші, эксплуатациялық салмақ, бульдозердің негізгі жұмыс жылдамдықтары және габариттік көлемдері

Бульдозердің номиналды тартылыс күші төмендегідей анықталады

$$T_{нб} = G_{сц} \cdot \varphi_{кр}, \quad (1)$$

мұндағы: $\varphi_{кр}$ – қозғалтқыштың рұқсат етілетін текке айналуына және тартылыс П.Ә.К.-ның белгілі бір мәніне сай келетін ұстасу құрылғымен базалық машинаның салмағын қолдану коэффициенті; $G_{сц}$ – жұмыс жағдайындағы бульдозердің тіркелетін салмағы (бульдозердің эксплуатациялық салмағына байланысты)

$\varphi_{кр}$ машинаның типіне байланысты төмендегідей мәндерге ие болады:

шынжыр табанды ауыл шаруашылық тракторлары0,62

дөңгелекті ауыл шаруашылық тракторлары.....0,50

шынжыр табанды өндірістік тракторлар0,90

дөңгелекті өндірістік тракторлар.....0,60

Жаңа бульдозерлерді жобалау кезіндегі $G_{сц}$ базалық машинаға тек қана бульдозерлік құрылғыларды ғана арту кезінде анықталады [9]

$$G_{сц} = (1,17 \dots 1,22) \cdot G_{бм}, \quad (2)$$

мұндағы: $G_{бм}$ – базалық машинаның артпалы құрылғыларды есептемегендегі салмағы (майлаумен, сумен, жанармайдың толық күйімен, жүргізушімен және алып жүретін құралдар мен қосымша бөліктер кешенімен), $G_{бм} = 11,5$ т.

$G_{бм}$ (2) формулаға қою арқылы аламыз [9]:

$$G_{сц} = (1,17 \dots 1,22) \cdot G_{бм} = 1,18 \cdot 11,5 = 13,5 \text{ т.}$$

(1) формула арқылы бульдозердің номиналды тартылыс күшін

табамыз:

$$T_{нб} = G_{сц} \cdot \varphi_{кр} = 13,57 \cdot 0,90 = 12,213 \text{ т.}$$

Бульдозердің эксплуатациялық салмағы базалық машина мен бульдозерлік құрылғылардың салмағын қосу арқылы табылады:

$$G_{б} = G_{бм} + G_{бо}, \quad (3)$$

мұндағы $G_{бм}$ – базалық машина салмағы, $G_{бм} = 11,5$ т; $G_{бо}$ – бульдозерлік жабдықтың эксплуатациялық салмағы (майлаумен гидрожүйедегі маймен және алынып жүетін құралдармен бірге):

$$\begin{aligned} G_{бо} &= (0,15 \dots 0,18) G_{бм}, \\ G_{бо} &= (0,15 \dots 0,18) G_{бм} = 0,18 \cdot 11,5 = 2,07 \text{ т,} \end{aligned} \quad (4)$$

Шынжыр табанды бульдозерлерде $G_{б} = G_{сц}$, сондықтан да олардың эксплуатациялық салмағын $G_{б} = 13,57$ т. деп алуға болады.

Бульдозерлік құрылғы және тракторды автоматты басқару жоқ кезде бульдозердің жұмыстық жүрісінің жылдамдығын 2,5...3,0 км/сағатының арасынан таңдайды.

Жұмыстық жүріс жылдамдығы бұл көрсеткіштерді аса алмау себебі ретінде жүргізушінің шаршау салдарынан жұмыс органын нақты басқара алмаудың мүмкін еместігі, шынжыр табанның негізгі беткей мен трактор арасындағы берік байланыстың болмауы, қозғалтқыштың айналу сәтінің шектелуі, жұмысты орындау технологиясы және т.б. фактрлар арқылы түсіндіреді.

Бульдозердің кері жүрісінің жылдамдығын базалық трактордың шынжыр табанының аспа түріне және машинаның салмақ ортасының орналасуына байланысты таңдайды.

Бульдозердің көлденең және бойлық ауытқуының салдарынан балансирлі және жартылай қатты аспадағы бульдозердің кері жүрісінің жылдамдығы 6...7 км/сағаттан, ал жұмсақ және балансирлі-түйінді аспада 8...15 км/сағаттан аспайды.

Бульдозердің габаритті көлемдері:

ұзындығы	7350 мм
ені	2475 мм
биіктігі	3065 мм
базасы	2478 мм
арнасы	1880 мм

Бульдозердің орташа статисткалық үлестік қысымы төмендегі формула бойынша анықталады [10].

$$g = \frac{G_{\delta}}{2L_{on} \cdot b}, \quad (5)$$

мұндағы: L_{on} – топырақ ілмектерінің толық енуі кезіндегі шынжыр табанның тірек беткейінің ұзындығы, $L_{on} = 2,416$ м графиктік әдіспен анықталған; b – шынжыр табанның ені, $b = 0,5$ м.

Осылайша бульдозердің орташа статистикалық үлестік қысымын табамыз

$$g = \frac{G_{\delta}}{2L_{on} \cdot b} = \frac{13,74}{2 \cdot 2,4 \cdot 0,5} = 5,689 \text{ т/м.}$$

Қысым орталығының орналасуы 2.1 суретте көрсетілген.

Топырақтың тапталуы салдарынан пайда болатын, шындыр табанның қозғалысына қарсы беттік кедергіні және қозғалғыш бөлік пен трансмиссияның инерция күштерінің әсерін есепке алмағанда, жалпы жағдайда бульдозердің қысым орталығын төмендегі формула арқылы есептеуге болады [6].

$$\chi = \frac{G_{\delta} \cdot d + R_z \cdot d_1 - R_x \cdot h_x}{N}, \quad (6)$$

мұндағы: G_{δ} – бульдозердің эксплуатациялық салмағы; R_z – қайырма күректегі кедергінің нәтижелеуші күшінің тік құрамдастары; R_z – қайырма күректегі кедергінің нәтижелеуші күшінің көлденең құрамдастары; N – теңдей әсер ететін күш $N = G_{\delta} + R_z$ шынжыр табанына барлық топырақ түрлерінің реакциясын нормалаушы; d – бульдозердің салмақ орталығы мен қозғалтқыш жұлдызша арасындағы қашықтық; d_1 – қайырма күректегі кедергінің нәтижелеуші күштің түс нүктесінен қозғалтқыш жұлдызша арасындағы қашықтық; h_x – қайырма күректегі кедергінің нәтижелеуші күштің түсу нүктесінің биіктігі.

d және d_1 мәндері графикалық әдіспен анықталады:

$$d = 1,322 \text{ м}; \quad d_1 = 4,3818 \text{ м.}$$

Бульдозердің жұмыс жүрісі кезінде базалық машинаның тартылыс күші басқарудың дәлсіздігіне және қазылатын топырақтың айнымалы кедергісіне байланысты нөлден мүмкін болатын максималды мәнге дейін өзгеріп отырады. Орташа есеппен бульдозердің номиналды тартылыс күшін тек 60...70 пайызға ғана қолданылады. Осыны есепке ала отырып, қысымды есептеу кезінде қайырма күректегі кедергі күшінің көлденең құрамдас бөліктері R_x тең деп алынады:


$$R_x = K_m \cdot T_{нб}, \quad (7)$$

мұндағы: $T_{нб}$ – бульдозердің номиналды тартылыс күші; K_m – тартылыс күшін қолданудың коэффициенті.

Орташа топырақ жағдайларында, жаңқалардың үздіксіз қалыптасуы және жылжуы арқылы жүзеге асатын қазуды дұрыс қамтамасыз ететін қайырма күректі беткейдің оптималды параметрлері кезінде қолдану коэффициенті деп $K_m = 0,6$ қолданады. Егер қайырма күректің профилінің қасиеттерінің мәні оптималы болмаса, онда $K_m = 0,8$ тең болады.

(7) формула арқылы табамыз:

$$R_x = K_m \cdot T_{нб} = 0,6 \cdot 12,213 = 7,3278 \text{ т.}$$



2.1 Сурет - Бульдозерге әсер ететін күштердің сұлбасы

Қайырма күректегі кедергіні нәтижелейтін күштің тік құрамдас бөліктерін төмендегідей анықтайды [12]:

$$R_z = R_x \cdot \operatorname{tg} \gamma, \quad (8)$$

мұндағы: γ – қайырма күректегі кедергіні нәтижелеуші күштің еңістік бұрышы.

Қайырма күректі беткейдің оптималды параметрлері кезінде (орташа топырақ жағдайларында) кедергіні нәтижелеуші күштің еңістік бұрышы тұрақты кесу және топырақты жылжыту кезінде өзгертінгі тәжірибелік түрде бекітілген:

- а) топырақ тығыз құрылымды болғанда – көлденеңінен 15-21 градус;
- б) ұсатылған жағдайда және ұсатылған топырақты траншея бойымен жылжытқан кезде – көлденеңінен жоғары және төменге қарай 0-6 градус.

(8) формула арқылы R_z табамыз және N анықтаймыз

$$R_z = R_x \cdot \operatorname{tg} \gamma = 7,3278 \cdot \operatorname{tg} 15 = 1,96 \text{ т.}$$

$$N = G_d + R_z = 13,57 + 1,96 = 15,53 \text{ т.}$$

Қайырма күректің пышағының күректегі кедергіні нәтижелеуші күштің түсу нүктесіне дейінгі аралықты тығыз құрылымды топырақты қазу кезінде төмендегі формула арқылы есептейді:

$$h_x = 0,17 \cdot H, \quad (9)$$

мұндағы: H – қайырма күректің қағарсыз биіктігі, $H = 1100 \text{ мм} = 1,1 \text{ м}$.

$$h_x = 0,17 \cdot 1,1 = 0,187 \text{ м}.$$

(9) формула арқылы бульдозердің қысым орталағын анықтаймыз:

$$\chi = \frac{G_d \cdot d + R_z \cdot d_1 - R_x \cdot h_o}{N} = \frac{13,57 \cdot 1,322 + 1,96 \cdot 4,3218 - 7,327 \cdot 0,187}{15,53} = 1,62 \text{ м}.$$

2.1.2 Үлесік арынды күш және қайырма күректің пышағына түстеін тік қысым

Қайырма күректің пышағына түсетін үлестік арынды күші төмендегідей анықталады [13]:

$$g_r = \frac{T_{нб}}{B}, \quad (10)$$

мұндағы: $T_{нб}$ – бульдозердің номиналды тарту күші, $T_{нб} = 12,213 \text{ т} = 122130 \text{ Н}$; B – қайырма күректің ұзындығы, $B = 320 \text{ см}$

$$g_r = \frac{T_{нб}}{B} = \frac{122130}{320} = 3816 \text{ Н/см}.$$

Қайырма күректің пышағына түсетін үлестік тік қысым формуламен есептеледі:


$$g_e = \frac{P_e}{F}, \quad (11)$$

мұндағы: P_e – шынжыр табанның артқы жиегіне қарағанда базалық машинаны жылжыту жағдайындағы, қайырма күректің пышағына түсірілетін барынша жоғары тік қысым; F – қайырма күректің пышағының кесетін жиегенің тірек беткейі.

P_e күші формула бойынша анықталады.

F ауданы мен тік қысым g_e тозбаған (2.2 суретіндегі I-I кесіндісі) және тозған (2.2 суреттегі II-II кесіндісі) пышақтарға есептеледі.

Екі жағдайда да F есептеген кезде кесу бұрышы γ_o болып табылатын қайырма күректің негізгі қалыбын алады.



2.2 Сурет - Қайырма күрек пен пышақтың тірек беткейін анықтау кезіндегі олардың кесіндісі

Қазіргі таңдағы бульдозерлердің үлестік арынды күштері қайырма күректің пышағының 1 см-іне 40-60 кг болып табылады және бульдозердің номиналды тарту күшінің өсу ретімен көбейеді.

2.1 Кесте - Пышақтың кескіш ернеуіндегі үлестік күштер

Көрсеткіш	Топырақ категориясы			
	I	II	III	IV
Қайырма күректің пышағының кескіш жиегенің үлестік арынды күші, кг/см-де	15-ке дейін	20...30	40...55	60-тан жоғары
Қайырма күрек пышағының тірек беткейінің үлестік тік қысымы кг/см ²	10-ға дейін	12...20	25...35	35-тен жоғары

Қайырма күректі мәжбүрлі енуі кезіндегі үлестік тік қысымы, пышақтың тозбаған жағдайындағы тірек беткейінің 1 см²-қа 4,0...5,0 кг-нан, ал толық тозған жағдайында 2...15 кг/см²-тан келеді.

Орташа есеппен тозған пышақтардағы тік қысым тозбаған пышақтарға қарағанда 3 есе жоғары болып келеді. Мәжбүрлі енген қайырма күрегі жоқ бульдозерлерде бұл көрсеткіштер 3...4 есе төмен. 2.1-кестеде әртүрлі беріктікке ие топырақтарды өңдеуді қамтамасыз ететін бульдозердің пышағына түсетін үлестік күштердің жуықтық мәндері көрсетілген.

Осы кестедегі мәліметтерге байланысты жобаланатын бульдозер өңдей алатын топырақ категориясын бағдарлы түрде болжай аламыз. Осы диплом жұмысында топырақ категориясы III болады.

2.2 Қайырма күректің параметрлерін есептеу

2.2.1 Қайырма күректің биіктігі мен ұзындығы

Бульдозер қайырмасының ұзындығы базалық машинаны немесе жылжытушы раманың сыртқа шығып тұрған бөліктерін қайырма күректің

қандай да болсын жағдайында ені бойынша жабатын есептерінің ішінен ең кішісін таңдау арқылы анықтайды. Қайырма күрек базалық машинаның немесе жылжытушы раманың ең жоғарыға шығып тұрған бөліктерін әрбір жағынан кем дегенде 100 мм-ге жауып тұруы қажет.

Бұл талаптар 1 см ұзындыққа және қайырма күрек пышағының тірек ауданының 1 см² келетін тік қысым мен үлестік арынды күштің барынша жоғары мәніне қол жеткізу және жұмысты траншеялық тәсілмен және «бірізділікпен» жасау қажеттілігімен түсіндіріледі [13].

Ернеудің ұзындығын таңдау барысында оны темір жол немесе трактор арқылы тасымалда мүмкіндігін де есепке алу қажет. Бульдозер темір жол арқылы бөлшектеусіз тасымалдана алатындай болғаны дұрыс. Алайда, тасымалдау мәселесі күректің ұзындығын таңдау кезінде негізгі болып табылмайды және олар жоғарыда аталған талаптарды орындауды шектемеуі қажет.

Ернеудің алынбалы шеттік бөлшектерін қолдану да бульдозерді темір жол арқылы тасымалдау мәселесін оңай шеше алады.

Қайырма күректің ұзындығы $L_{om} = 2478 \text{ мм} = 2,478 \text{ м}$.

Қайырма күректің биіктігі бульдозерлік жұмыстарға қажетті жылдамдықтағы бульдозердің тарту күшімен, ернеу профилінің параметрлерімен және негізінен бульдозердің мақсаты болып табылатын топырақ жағдайларымен анықталады.

Қайырма күректің белгілі бір биіктіктері базалық машинаның қозғалтқыш күшіне байланысты көптеген жағдайларда нақты нәтижелер бермейді. Бұл қазіргі таңдағы тракторлар мен басқа да шындыр табанды базалық машиналардың қозғалтқыш қуатының бульдозерлік жұмыстар жүргізуге қажетті жылдамдықты алу үшін керек белгілі бір тарту күшіне қажетті деңгейден асып түсетінімен түсіндіріледі.

Бульдозердің номиналды тарту күшіне байланысты қайырма күректің биіктігін анықтау дәлірек нәтижелер береді.

Жалпы мақсатқа арналған бульдозерлер үшін қайырма күректің биіктігін төмендегідей эмпирикалық формула арқылы анықтауға кеңес беріледі:

$$H_n = 500 \sqrt[3]{T_{нб} - A \cdot T_{нб}}, \quad (12)$$

